

Ү.Жетібайұлы

*Іле педагогикалық университеті, Қытай Халық Республикасы  
(E-mail: ub.j@163.com)*

### Тыйым және тыйым сөздер

Мақалада тыйым, тыйым сөздер және эвфемизм сөздерді тілге тиек етіп, тілге байланысты тыйымдар «тіл киелі», «тілдің де иесі бар» деп қарайтын ежелгі мифтік, діни наным-сенімнің тілдегі бейнесі, тілде реал өмір сүріп отырған дәстүрлі-мәдени құбылыс ретінде қарастырылған. Сонымен бірге олар түрге бөлініп таныстырылды. Автор тыйым сөздер де, жалпы тыйымдар сияқты, қоғамдық өмірді, іс-қимылды үйлестіру, үндестіру, ретке салып, тәртіпке келтіру, тілдің әдепті, қимылдың ибалы болуы сынды қоғамдық моральдың қалыптасуына әсер ететіндігі туралы айтты.

*Кілт сөздер:* тыйым, тыйым сөздер, эвфемизм сөздер.

#### *1 Тыйым жайлы қысқаша түсінік*

Тыйым ғылым саласында «табу» деп аталады, әжелгі мағынасы «киелі, «атауға, соқтығуға тыйым саланған» дейтін ұғымдарды білдіреді. Кезінде Тынық мұхиттың орта бөлігіндегі Полинезия топ аралдарында тұратын жергілікті тайпалар тілінде кейбір сөздер белгілі бір әлеуметтік топтарға ғана тәуелді болып, ол сөздер өз атымен емес, басқаша аталатын салт болған. Бұл құбылысты алғаш рет ағылшын жиһанкесі Джеймс Кук (1728–1779) байқайды, әрі тіл білімі ғылымы саласына енгізеді. Соңғы зерттеулер бұл құбылыстың дүние жүзіндегі халықтардың көпшілігінде бар екендігін дәлелдеді, «табу» ұғымы қазақ тілінде «тыйым» деп аталады.

Тыйым — қауымдық дәуірдегі адамдардың мифтік-діни наным-сенімі негізінде, табиғаттағы ие-киелердің, табиғи жұмбақ күштердің, тылсым заттар мен құбылыстардың белгісіз қатерінен, пәле-жаласынан, түрлі кесепаттан сақтандыру, олар туғызған үрейден арылу немесе мейіріне ие болып, қолдауына жету мақсатында қалыптасқан, сөзсіз орындауға тиісті қағида-ережелерінің жиынтығы. Атап айтқанда, тыйым адамдарға нені атауға, нені істеуге, неге соқтығуға болмайды дегенді үйретіп, оларды оғаш сөз-қимылдан тежеп, белгісіз қатерден сақтану мақсатымен алдын ала жасалған іс-шара болып табылады. Тыйым, әдетте, тыйымдық субъекті (тыйымды орындаушы адам), тыйым нысаны (тыйылатын нәрсе немесе іс-қимыл) және тыйым мақсаты (белгісіз бақытсыздықтан сақтану) сынды үш фактордан құралады [1].

Тыйым алғашқы қауымдық қоғамда наным-сенімнің туындысы болып, өркениет үрдісінің әр кезеңінде толығып, кемелденіп отырған. Бағзы дәуірде адамдар тек табиғатқа сүйеніп, ғұмыр кешетін, тіршілік тәсілі аса қарапайым да әлсіз еді. Түрлі табиғи апаттар екінің бірінде оларға қауіп төндіріп отыратын. Десе де, адамдардың өмір тәжірибесі біртіндеп молая түсті де, неден тыйылуды тәжірибе жүзінде ұғына бастады, бір-ақ не себепті тыйылатынын біле бермеді. Сөйтіп, бұл жұмбақтың жауабын мифтік, діни қисыннан іздеді. Олар табиғаттағы барлық заттардың ие-киесі бар, өмірге, тіршілікке қауіп-қатер төндіріп отырған осы ие-киелер деп жорыды, оған әрі үрейлене, әрі ізетпен қарады. Сонымен ие-киелердің қатерінен сақтану немесе мейіріне ие болып, қолдауына жету, іс-қимылдарын сол ие-киелерге үйлестіру, үндестіру мақсатында алуан түрлі тыйымдарды ойлап тауып, тұрмыста қолдана бастады. Бұл дәуірде қалыптасқан тыйымдар негізінен ие-киеге табыну, табиғатқа табыну, тотемге табыну, аруаққа табыну немесе шамандық наным-сенімге қатысты

тыйымдар еді. Олар ізгі рухтардан және кесірлі рухтардан тыйылу болып екіге бөлінетін. Демек, бағзы дәуірдегі қолайсыз табиғи орта, мешеу тіршілік тәсілі, сондай-ақ адам танымының таяздығы тыйымның пайда болуына негіз болған.

Тіршілік үрдісі күрделенген сайын, табиғатпен етене болып ғұмыр кешетін, көшпелі өмір салтын арқау еткен ата-бабаларымыздың неден, не себепті сақтану, тыйылу жөніндегі тәжірибесі барған сайын мольғып, табиғи құбылыстардың себеп-салдарлық қатынасы жайлы логикалық түсінігі тіпті де тереңдей түсті. Сөйтіп, нақтылы өмір талабымен саналы түрде санасуға бейім, әлеуметтік заңды мәнге ие көптеген жаңа тыйымдар пайда болды да, адамдардың ендігі ұстанымы рухтар емес, ақ-қара, пәк-күнә, обал-сауап категориясы негізінде өрбіді [2]. Қысқасы, тыйым қалыптасуындағы мифтік-діни сипат бара-бара көмескі тартты да, оның орнына нақтылы өмір талабынан туындаған тыйымдар келді. Десе де ата-бабаларымыз тарихта түрлі себептерге байланысты ілгерінді-кейінді зороастризм, мәнихеи, будда, несториан және ислам діндеріне сенді. Бұл діндердің діни уәжіптері уақыт оза келе, ұлттық салт-дәстүрімізге ауысып, қазақ тыйымдарының құрамдас бөлгі ретінде қалыптасты. Алайда бұл тыйымдардың негізі де ұлттық салттағы дүниетаныммен ұштасып жатты.

Қорытып айтқанда, қазақ тыйымдары өркениет үрдісінің әр кезеңінде ұдайы толығып, сараланып, кемелденіп отырумен бірге, ұлттық тұрғыда барлығына ортақ, адам мен табиғат, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қатынастарды реттеп, сол арқылы қоғамдық тәртіпті сақтап, жарастықтың орнауына қызмет ететін, тежеп-шектеу күшіне ие, әлеуметтік қағида-ереже болып қалыптасты. Тыйымды қоғамдағы адамдар барлығы қатаң сақтауы, бұлжытпай атқаруы қажет, олай болмағанда, өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талғам-талабымен санаспағандық болып есептеледі. Адамдар тыйымды бала кезден бастап естіп, үйреніп біледі, әрі өле-өлгенше орындауға міндетті болады.

Қазақ тыйымға бай халық. Әдетте қазақ тыйымдары мазмұнына қарай наным-сенімге және салт-дәстүрге байланысты тыйымдар деп екі үлкен салаға бөлінеді. Наным-сенімге байланысты тыйымдар өз ішінен ие-киеге байланысты тыйымдар, табиғатқа байланысты тыйымдар, тотемге байланысты тыйымдар, ата-бабаға, аруаққа байланысты тыйымдар, тағдырға байланысты тыйымдар деп бөлінеді.

Ал салт-дәстүрге байланысты тыйымдар өз ішінен күнделік тұрмысқа байланысты тыйымдар, жол-жосынға байланысты тыйымдар, түрлі кәсіпке байланысты тыйымдар, зат-құбылысқа байланысты тыйымдар, дене мүшелеріне байланысты тыйымдар, сөз-қимылға байланысты тыйымдар деп бөлінеді. Демек, тыйым сөздер сөз-қимылға байланысты тыйымдарға жатады.

## 2. Тыйым сөздер

Қазақ өмірінде бір бөлім сөздер ежелгі мифтік, діни наным-сенімге байланысты өз атымен тура аталмай, басқаша мағынада аталады. Міне, тілде осындай атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тыйым сөздер (табу сөздер) деп аталады [3]. Тілдегі тыйым сөздер — ата-бабаларымыздың зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс бар, «тіл киелі», «тілдің де иесі болады» деп қарайтын ежелгі мифтік наным-сенімнің бейнесі болып, тілде реалды өмір сүріп отырған дәстүрлі мәдени құбылыс. Тыйым сөздер де, жалпы тыйымдар сияқты қоғамдық өмірді, іс-қимылды үйлестіру, үндестіру, ретке салып, тәртіпке келтіру рөлін ойнаумен бірге, тілдің әдепті, қимылдың ибалы да ізетті болуы сынды қоғамдық моральдың қалыптасуына, жарасымдықтың орнауына қызмет етеді. Қазақ тіліндегі тыйым сөздер қолданылу мақсатына қарай мынадай төрт түрге бөлінеді:

### 1 Жөн-жосық, салауатқа қатысты тыйым сөздер

Адамның жөн-салауатына қатысты атаулар, әдетте, адамдар арасындағы туыстық және басқа әлеуметтік қатынастардан мәлімет беріп, тергелушінің салауаты, кәсібі, жасы, жынысы кім екендігін көрсетеді, әрі аса зор мәдени-моральдық жүк арқалаған болады. Бұл топтағы атаулар — туыстық қатынасты білдіретін атаулар. Мысалы: *әке, шеше, аға, қарындас* т.б. және әлеуметтік салауатты білдіретін атаулар *молда, би, төре, сұлтан, мұғалім, меңгеруші* т.б. болып бөлінеді.

Ежелгі көшпенді қазақ халқында туыстық-қандастық қатынас пен рулық бауырмалдық қатынас қоғамдық-әлеуметтік қатынастарды реттеп отыруда негізгі рөл атқарған. Отбасында ортағасырлық тәртіп сақталса, ру-тайпалар ара бауырмалдық қатынас баса дәріптелді. Ал адам мен адам арасындағы қатынаста салауат түзімі үстем орында болып, адамдар тегіне, мәртебесіне, дәрежесіне қарай жіктерге бөлініп, сол негізде мәмле жасалды. Бұл түрдегі қоғамдық түзіліс қазақтың отбасы көзқарасын, қоғамдық салауат көзқарасын, сондай-ақ моральдық-этикалық қағидаларын ретке келтірді. Ол көзқарастар мен қағидалар бара-бара ата-бабаның бағзы дәуірлердегі мифтік-діни дүниетанымымен ұштасты да, адамның жөн-салауатына қатысты тыйым сөздерді қалыптастырды.

Қазақтың жөн-салауатқа қатысты тыйым сөздері іштей мынадай екі топқа бөлінеді. Бірінші, дәстүрлі қоғамдық салауат көзқарасына байланысты тергеу сөздер. Қазақтың дәстүрлі салауат көзқарасы бойынша, адам мен адам арасындағы қоғамдық-әлеуметтік қатынаста тергелушінің өз аты-жөні тура аталмай, тегі, мәртебесі, дәрежесі қатарлы жақтардағы салауатына қатысты атаулар қолданылады. Мысалы: *қаған, хан, сұлтан, би, төре, профессор, мұғалім, меңгеруші* т. б. Екінші, әдеп сақтап, ізет білдіруге қатысты тыйым сөздер. Қазақ халқында бағзы замандардан бері үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін, ата-баба аруағын қадір тұтатын тамаша дәстүр бар. Дәстүр бойынша соңғы жас буын алдыңғы аға буын адамдардың атын төте атауына тыйым салынады, әдетте, мейлі қандастық қатынасы бар немесе жоқ болсын, егде адамдардың бәрі де жасына, жынысына қарай өз аты-жөнімен емес, туыстық атаумен ауыстырып атайды [4]. Мысалы: *атай, әжей, шешей, ағай, апай, жеңеше, әпке, бауыр, қарындас* т. б. Демек, туыстық атаулар негізгі тура мағынасында туыстық қатынасты атап көрсетсе, ал ауыспалы келтірінді мағынасында таза тыйым сөз ретінде, әдеп сақтап, құрмет білдіру қызметін атқарады.

Адамның жөн-салауатын тергеп сөйлеу әдептілік саналады. Қоғамдық қатынаста орнын тауып қолданылған жөн-салауатқа қатысты тыйым сөздер туыс пен туғанды, үлкен мен кішіні, жоғары-төменді жақындатып, бір-біріне болған меншіктеу-меншіктелу қатынасын дәл бейнелеп береді. Онда ізет білдіру, жақын тарту, өз орнын тану, басқалардың назарын өзіне қарату сынды міндеттер болады. Ата-бабаларымыз жөн-салауатқа қатысты тыйым сөздерді қолдануға ерекше назар аударған, олар ұқсамаған ортаға, ұқсамаған жағдайға қарай, түрлі нысандардың қасиетін дәл басып көрсететін, сыпайы да жағымды, шынайы да табиғи тыйым-тергеу сөздерді тауып қолданған. Сөйтіп, артына өшпес үлгі-ғибраттар қалдырған.

## 2 Қазақ әйелдерінің тыйым сөздері

Қазақтың дәстүрлі салты бойынша жаңа түскен келіндер күйеуінің туыс-туғандарын, нағашы-жиендерін, өзі түскен рудың үлкен-кішісін өз атымен тура атамайды, қатаң ат тергейді. Олардың есімін тіке атаса, көргені аз, әдептен озған, ибасыз келін есептеледі. Сол себепті олардың жолына, жасының үлкен-кішілігіне қарай әрқайсысына лайықтап басқадай ат қояды, аузына берік болып, өле-өлгенше солай атап өтеді. Егер абайсызда оқыстан аузынан шығып кетсе, ұят санап, қатты өкінеді. Қазақ әйелдерінің тыйым сөздері пайда болу тегі жағынан байырғы мифтік-діни наным-сеніммен, ежелгі жол-жосықпен сабақтасып жатады, бірақ қоғамның дамуына ілесіп, тың мазмұндардағы ұғымдарды бойына сіңіріп, кемелдене түсті де, әдептілік пен тектіліктің бейнесі, нышаны ретінде ұлтымыздың ерекше құндылықтары қатарынан орын алады.

Қазақ әйелдерінің тыйым сөздері тілде ешқашан ыңғайсыздық тудырған емес. Оның арнаға түскен заңдылығы, қалыпқа айналған тәртібі болады. Келін екінші атты кездейсоқ, қалай болса, солай қоя салмайды. Әуелі ат қоятын адамдардың жолы, жасы, жынысы, жөн-салауаты, мінез-құлқы, тұр-тұрпаты, өнер-талабы қатарлы қасиеттерін жан-жақты тексеріп, анықтайды. Сол негізде қойылатын ат белгіленеді де, оған өзінің үлкенді үлкен тұтып құрметтеу, сыйлау, кішіні кішірейтіп аялау, жақсы көру, өзімсініп жақын тарту, тіпті кемсіну, қомсыну, бөгдесіну қатарлы субъективтік позициясы мен көзқарасын үстейді. Сөйтіп, объективтік қасиеттер мен субъективтік бояу сәйкесін тапқан, үйлесімді де жарасымды ат тергеу сөз қолданысқа енеді.

Әдетте, келіндер атасы мен енесін *ата, ана* деп, қайнағаларын *аға, үлкен аға, кіші аға, тете аға, мырза аға, молда аға* деп, қайындарын *інім, мырза жігіт, молда жігіт, тетелес, кекілдім, айдарлым, тұлымдым, тентегім* деп атайды. Абысындарын *ақылдас* деп, қайын бикелері мен қайын сіңілілерін *еркем, қаракөз, бикеш, шырайлым, еркежан* деп атайды. Өзі түскен рудағы жасы үлкен адамдарды жөн-салауатына, мінез-құлқына қарай *би ата, жақсы ата, жақсы ана, шабан ана* деп атаса, ал жасы кішілерін *күйгелек қайын, бөспе қайын* деп те атай береді. Қазақ келіндері ешқашан тете емес қайынысын *тетелес* деп, тұлым қоймаған қайынысын *тұлымдым* деп атамайды.

Тергелетін ат басқа зат атауларымен аттас болып немесе дыбыстық жақта белгілі үндестік болса, келіндер ол адамдарға тергеп ат қоюдан сырт, *аты кетеді* деген түсінік бойынша, ол заттарға да, үндес дыбысы бар сөздерге де басқаша ат қояды. Мысалы, тергелетін есім *Жылқыбай* болса — жылқыны *мінс* деп, Бүркітбай болса — бүркітті *үлкен құс* деп, Тышқанбай болса — тышқанды *қап тесер* деп, Қарабай болса — қараны *баран* деп, Ақберген болса — ақты *шаңқан* деп, Сарыбай болса — *шикіл* деп атаған. Тергелетін ат басқа біреудің атымен аттас болып келсе, ол адамды *аттеріс* деп, күйеуімен құрдас болса, *құрдас* деп атаған.

Келінге өзі түскен орта қаншалық бейтаныс, дәстүр қаншалық қатал, жол-жосын соншалық тосын болса да, олар өздерінің тергеу сөздері арқылы, біріншіден, сөз құдіретін түсіне алатын

зерделі, ортаға қарай бейімделе алатын зерек, жол-жосынға берік, ибалы да ізетті тектілігін әйгілесе, екіншіден, олар тапқырлығын тергеу сөздер өзінің тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін қасиеті, дәуірдің қилы сынынан өте алатын өміршеңдік қуаты арқылы, қазақ тілінің сөздік қорына қосылып, қазақ келіндерінің жасампаздығы ретінде танылды. Сөзіміз дәйекті болу үшін мына мысалдарға үңіліп көрейік.

Бірінші мысал, қазақ келіндері жасы бір мүшелге толмаған қайындарын, әдетте, *тентегім* деп тергейді. Бұл сөздің астарында мынадай ұғымдар жатады: біріншіден, ол бала бұзық, кәзеп бала емес; екіншіден, әлжуаз, ынжық бала емес; үшіншіден, келін тәуелдік жалғауы бірінші жағының қосымшасы «-ім» арқылы ол баланы өзіне меншіктейді. Сөйтіп, объектінің тетік те қағылез, әрі сүйкімді, әрі азырақ сотқарлығы бар қасиетін дәл де шынайы бейнелеумен бірге, оны інім деп өзіне балайды, жақын тартып, сүйіспеншілігін де білдіреді.

Екінші мысал, халық аңызы бойынша, баяғыда бір қыз бір ауылға келін болып түсіпті. Оның *Қамысбай, Өзенбай, Қойлыбай, Бөрібай, Бәкібай, Қайрақбай* деген аталары бар екен. Күндердің бірінде ағайынды ақсақалдар үйде әңгіме-дүкен құрып отырғанда, келін су алғалы өзен бойына барады. Ол өзеннің ар жағында, қамыстың бер жағында бір қойды бір бөрі жеп жатқанын көреді де, бәкіні қайраққа қайрап-қайрап алып, қойды бауыздап қайтып келеді. Сонда жөн сұраған енесіне, қолма-қол: *Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап келдім,* — деп жауап береді. Бұл мысалдар қазақ келіндерінің жасамаздығын, шешендігін, тектілігін толық көрсете алады [5].

### 3 Киелі ұғымдарға қатысты тыйым сөздер

Қазақ халқының ежелгі мифтік және діни наным-сенімі бойынша бүкіл ғаламды бір жаратушы жаратқан, ол жаратушы Тәңір деп аталады. Ғалам үстінгі, ортаңғы және астыңғы қабат деп үшке бөлінеді. Үстінгі қабат — аспан, онда жаратушы және аруақтар тұрады, ортаңғы қабат — қара жер, онда адамдар тұрады, астыңғы қабат — жер асты, онда жын-ібілістер тұрады деп қараған. Бағзы дәуірлердегі ата-бабаларымыз тәңірдің кәрінен сақтанып, қолдауына жету үшін, оның атын да, тұрағы аспанды да тура атауға тыйым салған. *Тәңірді — жаратушы, немесе жаратқан* деп, атаса, ал *аспанды көк* деп атаған. *Көк* сөзі бірте-бірте *тәңір* сөзінің баламасына ауысып, одан *көктің кәріне* ұрынды, *көк соққыр, көкке көтер, күлін көкке ұшыру, ақ сүтін көкке сауу*, тағы басқа тұрақты тіркестер қалыптасқан.

Сол сияқты, тотем мәдениеті де адамзаттың ең көне, ең сиқырлы мәдениеттердің бірі. Ата-бабаларымыз бағзы дәуірде көктәңірге табынып, көкбөріні өз тотемі етумен бірге, бүркітті де, аққуды да, үкіні де өз тотемі еткен. Бірақ қоғам ілгері басқан сайын, қазақ тотемдерінің тотемдік мәні, тотемдік құны солғындап, адамдар жадында тек оның сарқыншағы ғана сақталып қалды. Десе де, тіл мәдениетті тасымалдауға қызмет етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бүгінгі қазақ тілінде тотемнің атын тура атауға тыйым салу салты әлі сақталып келеді, мәселен, малшылар *көкбөрінің*, немесе *қасқырдың*, атын атасақ, естіп қойып, «малымызға шабады» деп қорқып, оны *итқұс, ұлыма* т. б. деп атайды.

### 4 Тылсым күштерге, ауруға, өлімге қатысты тыйым сөздер

Бағзы дәуірдегі ата-бабаларымыз табиғаттағы тылсым күштердің, ауру мен індеттің, туылу мен өлудің сырын түсіне бермеген, олардан қатты қорыққан, үрейленген. Табиғаттағы тылсым күштердің, ауру мен індеттің ие-киесі бар, оны шамдандыруға болмайды деп қараса, ал адамның рухы болады, адам өлгенмен рухы өлмейді деп сенген. Сөйтіп, бұл наным-сенім негізінде алғашқы діни таным мен аруаққа табыну көзқарасы пайда болады. Қазақтың байырғы түсінігі бойынша *нажағай — тәңірдің оғы*, оның атын тура атауға болмайды, атын атап, оны шамдандырса, адамға нажағай түседі деп сеніп, *нажағайды жай*, немесе *жасын* деп, атаған. Сол сияқты *шешек* ауруының атын тура атаса, жұғады, жабысады деп қарап, оның атын *әулие, қонақ*, немесе *мейман* деп, атаған. *Жыланның* атын тура атаса, шағып алады деп қорқып, оны *ұзын құрт*, немесе *абақай* деп, атаған. Ежелгі ата-бабаларымыз үшін өлім тіпті де сиқырлы, қорқынышты болған, олар өздерінің шамандық наным бойынша, адам — бір түрлі объект, ол жан мен тәннен құралады, жан көзге көрінбейді, тән көзге көрінеді, адам өмірден өткенде жан көкке ұшып кетеді де, тән табиғатқа қайтады деп сенген. Сол себепті «жан — *тәннің қонағы*» деп қарап, өлді деудің орнына, *қайтыс болды, ұшты, дүниеден көшті, көзі жұмылды, опат болды, түңілігі ашылмай қалды* т.б. деп атайтын болған.

### 3. Эвфемизм сөздер

Бір затты не құбылысты өз атымен тұра атамай, басқаша атау тек тыйым сөздермен шектеліп қалмайды, эвфемизм сөздер де бір сөзді екінші бір сөзбен алмастырып атай береді. Адамдар күнделік өмірде, белгілі бір затты не құбылысты сөз еткенде, зат пен құбылыс өз атымен тура аталса, дөрекі, қолайсыз сезіліп, ағаттық, ұғыспастық тудыратын жағдайда, мағынасы тұрпайы сөздің орнына ол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздерді алмастырып қолданады. Мұндай алмасып қолданылған сөздер тіл білімінде эвфемизм сөздер деп аталады. Эвфемизм сөздер мен тыйым сөздерде белгілі ортақтық болады, олардың бәрі де тілде ежелден бар құбылыс, бәрі де зат пен құбылысты өз атымен тура атамай, басқа бір сөзбен алмастырып атайды. Бірақ бұл ортақтыққа бола оларды шатыстыруға, бір нәрсе деп қарауға болмайды. Тыйым сөздер ежелгі мифтік, діни наным-сенімге байланысты, тылсым заттар мен құбылыстардың белгісіз қатерінен сақтанып, олар туғызған үрейден арылу мақсатында атын тұра атауға тыйым салынған сөздер болса, ал эвфемизм сөздер сөйлесу үстінде әдептілік, ізеттілік танытып, қажетсіз ұғыспастық туудан сақтану, оның алдын алу, лайықты сөздер арқылы адамдар арасындағы қатынасты іреттеп, үйлестіріп отыру мақсатында жұмсартып, сыпайылап айтылатын балама сөздер болып табылады [6].

Десе де тыйым сөздер мен эвфемизм сөздер өзгермейтін, жеке дара өмір сүретін нәрсе емес, олар да бір-біріне алмасып, ауысып отырады. Мысалы, жоғарыда ауру-індетке, өлім-жітімге қатысты деп қаралған тергеу сөздер, бүгінгі таңда халқымыздың ежелгі этикалық, эстетикалық нормалары негізінде қалыптасқан эвфемизм сөздерге ауысты да, ендігі жерде тыйым сөз ретінде қаралмайтын болды. Дәстүр бойынша науқас адамның көзінше ауырудың нақ аты тұра аталмай, оны жұмсартып, жеңілдетіп айтады. Әдетте, *туберкулез*, немесе *құрт ауру*, деудің орнына *өкпе ауру*, *рак* немесе *қылтамақ*, деудің орнына *өспе* деп жұмсартып, жеңілдетіп айтады. *Әке-шешен өлген бе?* — деп сұрамайды, *Әке-шешен бар шығар?* немесе *Әке-шешеннің қалы қалай?* — деп сұрайды. Демек, бұл сөздер бір замандарда маңызды рөл атқарған тыйым сөздердің сарқыны болса да, қазір эвфемизм сөздер ретінде қаралады. Қазақ тілінде жұмсартып, сыпайылап балап айту тәсілімен қалыптасқан эвфемизм сөздердің мынадай түрлері бар:

#### 1 Адамның дене мүшелеріндегі кем-кетікке қатысты эвфемизм сөздер

Қорлау, адамдық ар-намысқа тиісу сынды ұғыспастық туылып, көңілсіз жағдайдың орнауынан сақтану үшін, әдетте, адамның дене мүшелеріндегі кем-кетікті білдіретін атаулар жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздермен алмастырылады. Мысалы: *саңырау*, *керең* деген сөздер *құлағының мүкісі бар*, *сараң естиді*, *құлағы тосаң* деген сөздермен, *ақсақ* деген сөз *аяғының ақауы бар* деген сөзбен, *шолақ* деген сөз *қолының мүкісі бар* деген сөзбен алмастырылып айтылады.

#### 2 Жағымсыз, дөрекі естілетін атауларға қатысты эвфемизм сөздер

Адамның тасалап, жасырып-жабатын дене мүшелерін және сыртқа бөліп шығаратын керексіз заттарын білдіретін атаулар, әдетте, құлаққа түрпідей тиіп, жағымсыз, дөрекі естіледі. Сол себепті бұндай атаулар сыпайы, ұнамды сөздермен алмастырып айтылады. Мысалы: *омырау*, *бөксе*, *нәжіс*, *несеп*, *дайрақ*, *үлкен дәрет*, *кіші дәрет*, *дәрет сындыру*, *етек кір* дегендердің бәрі де белгілі контексте сыпайылық мән тудырады.

#### 3 Үйлену, балалы болуға қатысты эвфемизм сөздер

Қазақтың дәстүрлі салты бойынша үйленуге, балалы болуға қатысты атауларды өз атымен тұра атау әдепсіздік, дөрекілік есептеледі. Сол себепті ол атаулар сыпайы сөздермен алмастырылады. Мысалы: *қатын алу* немесе *байға шығу* деген сөздер *үйлену*, *отау тігу*, *бас құрау*, *тұрмысқа шығу* деген сөздермен, *баласына әйел алып беру* немесе *қызын күйеуге беру* деген сөздер *баланы үйлеу*, *отау тігу*, *құтты орнына қондыру* деген сөздермен, *буаз болу* деген сөз *екі қабат болу*, *жүкті болу* деген сөздермен алмастырылады.

#### 4 Жағымсыз іс-қимылға қатысты эвфемизм сөздер

Ағаттық, ұғыспастық тууынан сақтану үшін, қоғамдағы жағымсыз іс-қимылға қатысты атаулар үнемі сыпайы, ұнамды сөздермен алмастырып айтылады. Мысалы: *өсекші* деген сөз *аузы жеңіл* деген сөзбен, *ұры* деген сөз *қолының сұғы бар* деген сөзбен, *өтірікші* деген сөз *қосып айтады* деген сөзбен, *ұрысты* деген сөз *бет жыртысты*, *сөзге келді* деген сөздермен алмастырылады.

#### 5 Мақтау - мадақтау сипатты эвфемизм сөздер

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста кейде әдептілік сақтау немесе көтермелеп, жақсылығын асыру тұрғысынан, кейбір атаулар мақтау-мадақтау мағынасындағы сөздермен алмастырылады.

Мысалы: *келбетті* деген сөз *ару* деген сөзбен, *азулы* да *адуын* адам деген сөз *арлан* деген сөзбен, *жүректі де батыл адам* деген сөз *сұңқар* деген сөзбен алмастырылып айтыла береді [7].

Қорыта айтқанда, тыйым және тыйым сөздер — бағзы дәуірдегі ата-бабаларымыздың мифтік және діни наным-сенімі негізінде қалыптасқан, тілде шынайы өмір сүріп отырған дәстүрлі мәдени құбылыс. Онда ұлттық, жалпы халықтық, наным-сенімдік және дәуірлік қасиеттер болады. Тыйым және тыйым сөздер адамдардың іс-қимылын үйлестіріп үндестіру, ретке салып, тәртіпке келтіру рөлін ойнаумен бірге, тілдің әдепті, қимылдың ибалы да ізетті болуы сынды қоғамдық моральдың қалыптасуына үлкен ықпал жасайды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана: ҚҒА А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2002.
- 2 Қазіргі қазақ тілі. ШҰАР тіл-жазу комитеті. — Үрімжі: Шинжяң халық баспасы, 2002.
- 3 Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: ҚҒА А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты; ҚҒА баспасы, 1954.
- 4 *Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф.* Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы: Санат, 2005.
- 5 *Су Шинцун.* Тіл және мәдениет. — Пекин: Шет тілдерді оқыту және зерттеу баспасы, 2006.
- 6 *Лиу Жің.* Тіл мен мәдениет жайлы зерттулер. — Пекин: Жоңхуа кітап мекемесі баспасы, 2006.
- 7 *Сәмет Ә.* Тыйым және ұйғыр тыйымдары. — Үрімжі: Шинжяң халық баспасы, 2008.

У.Жетібайұлы

#### Запреты и слова-табу

Статья посвящена вопросам, связанным с понятиями «запрет», «табу» и эвфемизмами. Автор рассмотрены запреты в «священном языке», в языке, который имеет своего хозяина; кроме того, они изучены как традиционное культурное явление в реальной жизни. Также отмечены виды запретов. Слова-запреты, так же как и сами запреты, оказывая влияние на закон, порядок, созвучие, культуру языка, общественную жизнь, формируют общественную мораль.

U.Zhetibaiyuly

#### Prohibitions and prohibitions words

The article is devoted to the issues related to the prohibitions of words, prohibitions, words, euphemisms. The author discusses the prohibitions in the «sacred language», a language that has its owner; the image of the language in the mythological and religious belief; the existing prohibitions are regarded as traditional cultural phenomenon in real life. As the author introduces the types of prohibitions. Words prohibitions, as well as the bans have an impact on law, order, harmony, culture, language, social life and the formation of public morality.

#### References

- 1 *Kazakh gramatic*, Astana: A.Baitursinof atindagi til bilimi insituti KHA, 2002.
- 2 *Contemporary Kazakh language*, SHUAR til-shazu komiteyi, Yrimshi: Shingan halik baspasi, 2002.
- 3 *Contemporary Kazakh language*, Almaty: KHA A.Baitursinof atindagi til bilimi insituti, KHA baspasi, 1954.
- 4 *Bolkhanbaiuli A., Kaliuli F. Lexicology and phraseology of contemporary Kazakh language*, Almaty: Sanat, 2005.
- 5 *Su Shinsin. Language and culture*, Pekin: Shet tildeidu okitu men zertteu baspasi, 2006.
- 6 *Liy Shin. Investigation of language and culture*, Pekin: Shonhua kitap mekemesi baspasi, 2006.
- 7 *Samet A. Prohibitions and signs*, Yrimshi: Shingan halik baspasi, 2008.